

Жуалы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 5 қыркүйектегі "Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін біржолғы әлеуметтік көмек беру туралы" № 20-5 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Жуалы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 13 қазандағы № 36-4 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 қазанда № 2355 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жуалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 6 мамырдағы № 43-5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жуалы аудандық мәслихатының 06.05.2019 № 43-5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен. Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18 бабының және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін біржолғы әлеуметтік көмек беру туралы" Жуалы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 5 қыркүйектегі № 20-5 шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2020 болып тіркелген, 2013 жылғы 12 қазандағы № 98 аудандық "Жаңа өмір – Новая жизнь" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

1 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде отын сатып алу үшін біржолғы әлеуметтік көмек берілсін.

Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін біржолғы әлеуметтік көмек Жамбыл облыстық мәслихатының шешімімен белгіленген мөлшерде беріледі".

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Н. Тыныбеков*

*Аудандық
мәслихат хатшысы
Е. Тлеубеков*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК